

**«ҚР ҒЖБМ ҒК «Жану проблемалары институты» ШЖҚ РМК
қызметкерлерінің «Алтын жебе» жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ-ның
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі заңнаманы қадағалауға,
білім және ғылым саласы қызметкерлері үшін заманауи қауіпсіз және
қолайлы еңбек жағдайларын жасауға қатысуға қоғамдық бақылау
тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысы туралы
АҚПАРАТ**

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің *(әрі қарай – ҚР ЕК)* 155, 203 баптарының және Ғылым және жоғары білім қызметкерлері үшін еңбек жағдайын, жұмыспен қамтуды және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу жөніндегі 2023-2026 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы салалық келісімнің негізінде Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Орталық комитет аппаратының құқықтық жұмыстар, ЕҚЖЕҚ бөлімінің бас маманы А.М.Айтжанов 2025 жылғы 18 сәуірдегі № 01-10/228 тапсырма бойынша 2025 жылғы 24-25 сәуір аралығында «Жану проблемалары институты» ШЖҚ РМК *(әрі қарай – Институт)* еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы еңбек заңнамасының сақталуына тексеру жүргізді.

2025 жылғы 24 сәуірдегі жағдай бойынша Институтта барлығы 164 қызметкер бар, оның 131 кәсіподақ мүшесі.

ҚР ЕК-нің 203-бабының 1, 2 тармақтарына сәйкес жұмыс берушінің бастамасы бойынша және (немесе) жұмыскерлердің не олардың өкілдерінің бастамасы бойынша он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес құрылады. Оның құрамына еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды қоса алғанда, жұмыс берушінің өкілдері, жұмыскерлердің өкілдері тепе-теңдік негізде кіреді.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің құрамы жұмыс берушінің және жұмыскерлер өкілдерінің бірлескен шешімімен бекітіледі.

Алайда, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес құрылмаған. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор бекітілмеген. Тараптардың ешқайсысы, оның ішінде кәсіподақ бұл бастаманы көтермеген. Кәсіподақ өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру мақсатында, сондай-ақ ЕҚЖЕҚ бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыру мақсатында тепе-теңдік негізде өндірістік кеңестің құрамына кіруі тиіс.

ЕҚЖЕҚ талаптарын орындау жұмыс берушілер мен қызметкерлер еңбек қызметін жүзеге асыру кезінде міндетті. Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы міндеттері заңмен белгіленген (ҚР ЕК 182-бабы).

Осы орайда, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес құру ұсынылды.

Сонымен қатар, «Ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, сондай-ақ оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 бұйрығының 46-бөлімнің 228-тармағын бұза отырып қызметтік үй-жайларды тазалаушыларға күнтізбелік 6 (алты) күн мөлшерінде қосымша ақылы еңбек демалысы берілмейді.

Жұмыс беруші жыл сайын қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметкерлерді арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету нормаларын ескере отырып, Институтта еңбекті қорғауды жақсартуға уақытылы қаржы бөлінеді. Мысалы, 2024 жылы кезеңінде жұмыс берушімен еңбекті және денсаулықты қорғау үшін 1 152 005 теңге бөлінген. Зиянды еңбек жағдайларында жұмыс жасайтын қызметкерлерді мерзімді міндетті медициналық тексеру жұмыс берушінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

Институтта техникалық инспектордың жоқтығына байланысты Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы» Республикалық жыл сайынғы байқауына қатыспайды.

Өткен үш жылда еңбек қызметіне байланысты тіркелген жазатайым оқиғалар болған жоқ.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім салалық кәсіподағының Орталық комитеті аппаратының құқықтық жұмыстар, ЕҚЖЕҚ бөлімі